

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ

ПАВЛОДАРСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ УНИВЕРСИТЕТ им. С. ТОРАЙГЫРОВА



4' 2003



ПМУ хабаршысы
Вестник ПГУ

УДК. 372.880.

ОҚУШЫЛАРДЫ САУАТТЫ ЖАЗУҒА ҮЙРЕТУ ЖӘНЕ ОРФОГРАФИЯЛЫҚ ҚАТЕЛЕРІН ЖОЮҒА БАЙЛАНЫСТЫ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

А.Ф. Зейнулина, К.Қ. Ратаева

С.Торайгыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті

Мақалада оқушыларды сауатты жазуға үйрету мәселелері мен орфографиялық қатені жоюға байланысты қойылатын талаптар жөнінде қарастырылады.

В статье рассматриваются вопросы обучения грамотному письму и требования, связанные с исправлением орфографических ошибок учащихся

The article deals with the problems of teaching correct writing and considers demands related to correction of pupils' spelling mistakes.

Ана тілін оқытудың бір мақсаты – білімді, сауатты, өз ойын анық жеткізе білетін, мәдениетті жастарды даярлау. Оқушыларға тіліміздің байлығын, оның көркемдігі мен өрнегін, ойды анық, айқын жеткізе білу тәсілдерін үйрету қазақ тілі мен әдебиет оқытушыларының басты міндеті. Тілді әрбір адамның дұрыс қолдана білуі сауаттылықтың басты талабы болып табылды. Дұрыс жаза білуге, өз пікірін сауатты баяндауға үйрететін, сөйлей білетін адамдарды, даярлау - әрбір тіл пәнінен сабақ беретін мұғалімнің негізгі міндеті. Тіл сабағын жүргізетін мұғалімдер оқушылардың грамматикалық ережелерді қанағаттанбай, сол ережелерді сауатты жазуына пайдалана білуге де қатты қадағалау керек. Қазақ тіл грамматикасын оқытуда практика мен теорияны байланыстырудың түрлі әдістері көп. Егер оқушылар сауатты болса, онда олардың барлық сабақтан да жақсы оқуына, ойындағысын дұрыс айта білуге, сауатты жазуына толық мүмкіндік болар еді. Дегенмен, ережені, теорияны жақсы білгенмен орфографиялық қателіктерді көп жіберетін оқушылар да кездеседі. Оқушылардың сауаттылығын арттыру үшін түрлі жаттығу жұмыстарын, орфографиялық сөздік жұмыстарды түрлендіре отырып, әр түрлі әдісті пайдалану керек. Ол үшін әр мұғалімнің қатемен жұмыс жүргізетін арнаулы дәптері болу керек. Бұл дәптер әр оқушының қандай ережені толық меңгермегендігіне айғақ болады. Әрине, бұл дәптер мұғалімнің үзбей жұмыс істеуін талап етеді.

Дәптерге жаттығулардан, жатжазудан, мазмұндамадан жіберген қателерді тіркеп отырады. Енді осы қатемен жазған сөзді меңгерту үшін қандай жұмыс жүргізу керек. Бірінші сол сөздегі қатенің ережесін еске түсіру, оны дұрыстау, сол сөзбен қосып сөйлем құрау, сол сөздің синонимдік, омонимдік қатарларын тапқызыл мағынасын ашқызу. Не сол қатені орфографиялық сөздікке қарап жәндету. (шапшақ, тез, жылдам, дереу).

Кейбір оқушылар сөзді естуі бойынша жазады жұмыссы, көшсе, көссе – көшше., ал кейбіреулері у, ұ, ы – і, н, м, н әріптерін ажырата алмайды. Бұл оқушылармен қосымша сабақ өткізіліні, жеке арнаулы тапсырма да берілді. Мысалы: қате әрпін дұрыстап 5 – 10 сөзден жазып келуге, соған сәйкес ережені оқуға, сабақтан тыс берілген тапсырманы орындағандары тексеріліп отырады.

Қатені көп жіберетін, сауатсыз оқушыларының жеке қосымша дәптері болады, оған сабақтан тыс жаттығулар беріледі, сөз ойлау, не жеке сөздермен сөйлем құрау, не жіберілген әріптерді қою сияқты.

Бұл тапсырмаларын орындағаны жөнінде тексеру жүргізіледі. (үйді, не сыныпта).

Бірқатар балалар біріккен сөзді ілгерінді, кейінді ықпалды көп түсінбей, не мән бермей ұзақ уақыт қателерін мойындамайды.

М: Иманахмет, Бекбол, Қарагер, Қызылбалак. Бұл оқушыларды, сөздің түбірін айыруға дағдыландыру керек. Көбінесе оқушылар шылаудың «да, мен» түрлерін септіктің жатыс, көмектес формасымен шатастырады. (бірде, бірге. бірде бөлек жазылады). Бұларға да салыстыру әдісімен шылау мен жалғаудың айыру әдісін үйрету қажет. М. Дәмет орындықта отыр. Клубта орындық та... бар. Павлодарда химиялық заттар шығаратын завод бар. Павлодар да – ірі қала. Оқушылардың орфографиялық қатесі жоюға жағажазудың әсері көп. Мұғалім творчестволық шеберлігіне сүйене отырып, түрлі әдістерді пайдаланып оқушыларды сауатты жазуға жеткізеді. Орфографиялық қателерді жаттығу жүргізгенде жеке карточканы көп қолданылу қажет. Мысалы: қосаяқ, қарабура, ақ сүйек, қырық аяқ сөз тіркесі, біріккен сөз түрлерін ажырату т.б. Орфографиялық қатені болдырмауға түсіндірмелі жаттығудың әсері көп. Мұғалім әр оқушының жіберетін қатесін білген соң, түсіндірмелі жаттығуды сол бала а айтқызып отыруды талап ету керек. Аңқау аңламайды, аңгүдік тыңламайды. (қарығаш, осы сөйлемде а, ә, ы, - әріптерінен соң не жаздың?).

Бесатардың бір оғы Жамалдың құлағынан ду етті. (алдыңғы сөзді қалай жаздың?) Қосып бас әріппен. Онда шекара әскерінде болатынсын.

Орфографиялық қателердің түрі төмендегідей:

1. Кейбіреулері еріндік дауыстылар деп аталатын ү, ү, у, әріптерін ажыраға алмайды. бүгін – бүгүн, бугун, бурүн, бурун – бүрын.

2. Жіншке и мен й (қысқа) ажыратпай жазады.

қынмыл, сәлем биілеу, киім, сирек, сыныр т.б.

3. я, ю дч дұрыс қолданбау не алдынан я,ю –дын ы, і жазу қия, сойу т.б.

4. Біріккен сөздерді ажырата алмауы.

Алтыатар алты атар

Қырықбуын қырық буын

Асқала ақ қала

Бесаспап бес аспап

5. Қысқартқан сөздердің мағынасын ажыратпаудан колхоз дегенді колхоз деуі.

Бұл орфографиялық қателерді түзетуге төмендегідей әдіс қолданы.

1 Қатені көп жіберген оқушыларға қате сөздері жазылған карточканы беріп, дұрысын өзіне жаздыру құлын – құлүн, бүгүн – бүгін т.б.

2. ү, ү, н, н, м, й, и әріптерінен қате жібергендерге әр әріпке 10, 20 сөз жаздыру, бұл оқушының өз бетімен ізденуіне әсер етеді.

3. Жоғарыда көрсетілген әріптері бар сөзге, сөздік жүргізу (әд. сабағынан да)

4. Оқушылардың әріптерді дұрыс айтуын талап ету дә, ән, әм, т.б.

5. Әріп емес, сөздерді де дұрыс айтуын талап ету, қадағалау. Мысалы: совет – сәбет, газет – кәзит, космонафт - касманапт.

Оқушылардың әріпті, сөзді дұрыс айтпауының бір себебі, олардың көркем

әдебиет пен газет –журналды аз оқитынын көрсетсе, сондай-ақ тұрған ортасы, жанұясы әбден сауатты, дұрыс сөйлемейтіндігін аңғартады.

6. Қосарлы әріптердің бірін тастап жазуда жиі кездеседі. Үсен –ен, еңбекке, газет-ті. Бұндай қатені болдырмау үшін оқушыны сөз тұлғасын дұрыс ажырата білуге үйрету керек.

Мысалы: Біз халықаралық жаңалықты газет – тен, радио – дан, телевизор – дан естиміз. Осындай түрлі жұмыстар жүргізудің нәтижесінде мүлдем болмаса да оқушылардың аздап сауаттылығы жақсарады. Кейбір қалыптастырып алған орфографиялық қателерді бірден жою қиын, ол үшін мұғалім қатені көп жіберетін оқушылармен үзбей үздіксіз жұмыс жүргізуі қажет. Сауат аштыру әдістерінің жөн-жобасын А.Байтұрсынов «Әліп-би астары» атты еңбегінде көрсетеді. Мектеп балаларына арналған оқулықта, үлкендерге арналған «Сауат ашқышты» болсын А.Байтұрсынов үлкен тәрбиелік мәні бар тіл ұстарту мүддесін көздейді. Автор қалпы оқулыққа тән «жеңілден ауырға ұстап мақал-мәтелдерден, накыл сөздерден мысалдар алады. Олардың барлығы дерлік адамгершілікті, адалдықты, еңбек сүйгіштікті, т.б. ізгі қасиеттерді уағыздайтыны белгілі.

Сауаттылық – дамымалы құбылыс, талапты жұмыс, оның басты өзегі – қолдану жигінде. Тіл тазалығы, сауатты қалам қарымы – тіл мен ой, тіл мен таным, тілмен ой, тілмен ұлт байланысы – болмыс пен рухтың негізімен келеді. Сауаттылық тенденцияның орнықты болуы – тіл мамандарының жоғарыда белгіленген талаптардың орындауының мәні мен қажеттілігі біртұтас жүйеде жүзеге асуынан болары сөзсіз.